

**«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Қамқоршылық кеңес

**«Алтын сақа» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның мекемесі менгерушісінің**

БҮЙРЫҒЫ №

04.06.2021ж

«Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 6 бабына сәйкес

БҮЙЫРАМЫН:

Қамқоршылық кеңесі құрамы төмендегідей бекітілсін:

1. Усеб Рысбек - қамқоршылық кеңес тәрағасы, зейнеткер
 2. Щербакова Мейрамкул - қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер
 3. Шырынова Несіпкүл - қамқоршылық кеңес тәрағасы, зейнеткер
 4. Бекенов Бауыржан - қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
 5. Тамабаева Хатира- қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер
 6. Байболатова Бақтыгүл- қамқоршылық кеңес мүшесі, әлеуметтік қызметкер
 7. Алибаев Нурмахан- қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
 8. Қаратаяев Ернар- қамқоршылық кеңес мүшесі, Алтынтөбе ауылы әкімі аппаратының зангері
 9. Бөлекбаев Бауыржан- қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
2. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі әдіскер д.Омиралиеваға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылықты өзіме қалдырамын.

«Алтын сақа» б/б менгерушісі.



Р.Қаламбаева

Бекітімін
«Алтын сақа» балабақшасының
менгерушісі: 
R.S. Каламбаева



**«Алтын сақа» балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кенесі қызметінің 2021/2022 оқу
жылына арналған
ЖОСПАРЫ**

№ р\с	Жұмыстың мазмұны	мерзімдері	жауапты
1	<p>1. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру үйімдарында қамқоршылық кенестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жаңынан қамқоршылық кенесін құру, Ережесімен танысу.</p> <p>2. Қамқоршылық кенестің төрағасын сайлау.</p> <p>3. Қамқоршылық кенестің құрамын бекіту.</p> <p>4. 2021/2022 оқу жылына қамқорышылқ кенестің жұмыс жоспарын талқылау</p>	Маусым 2021 ж.	Менгеруші Қамқоршылық кенестің төрағасы
2	<p>1. Мектепке дейінгі үйімдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау /балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі/</p> <p>2. 2021-2022 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстыру.</p>	Тамыз 2021	Менгеруші Қамқоршылық кенестің төрағасы
3	<p>1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.</p> <p>2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.</p>	қантар 2022	Қамқоршылық кенестің төрағасы, ҚК мүшелері
4	<p>1. Бала құқығының корғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу.</p> <p>2. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру</p>	Ақпан 2022	Әдіскер Психолог
5	<p>1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.</p> <p>2.. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуі жоспарлау</p> <p>3. Қамқоршылық кенесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.</p>	Мамыр 2022	Әдіскер Қамқоршылық кенестің төрағасы

**«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы**

Откізілген күні: 11.06.2021 жыл

Катысқандар: Балабақша менгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Тамабаева Х, Шербакова М, Усеб Р, Бекенов Б, Байболатова Б, Алибаев Н, Қаратаев Е, Бөлекбаев Б, Шырынова Н.

Күн тәртібі:

1. . Казахстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесін құру, Ережесімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің тәрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің кұрамын бекіту.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша менгерушісі Р.Қаламбаева балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстыруды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Балабақшадағы құрылыштың отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір паралель топтан бір ата-ана, жергілікті атқарушы органдардың, құқық коргау органдарының өкілінен, участекелік инспектор, әлеуметтік әріптестер өкілдерінен барлығы тоғыз адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Д.Омиралиева таныстырып отті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан тәраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің тәрағалығына Усеб Рысбек атаны ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Д.Омиралиева тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Менгеруші Р.Қаламбаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқыладап, өз ойларын ортага салды. 2021 жылдың маусым айынан 2022 жылдың мамыр айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2021-2022 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу,

түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуі жоспарлау, қамқоршылық кенесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кенесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, томендегідей шешім қабылданды:

Қамқоршылық кенес мүшелері томендегі құрамда бекітілсін:

1. Усеб Рысбек - қамқоршылық кенес төрағасы, зейнеткер
2. Щербакова Мейрамкул - қамқоршылық кенес мүшесі, зейнеткер
3. Бекенов Бауыржан - қамқоршылық кенес мүшесі, жеке кәсіпкер
4. Тамабаева Хатира- қамқоршылық кенес мүшесі, зейнеткер
5. Байболатова Бақтығул- қамқоршылық кенес мүшесі, әлеуметтік қызметкер
6. Алибаев Нурмахан- қамқоршылық кенес мүшесі, жеке кәсіпкер
7. Қаратасев Еринар- қамқоршылық кенес мүшесі, Алтынтөбе ауылы әкімі аппаратының заңгері
8. Бөлекбаев Бауыржан- қамқоршылық кенес мүшесі, жеке кәсіпкер
- 9.Шырынова Несіпқұл- қамқоршылық кенес мүшесі, зейнеткер

1. Қамқоршылық кенесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып

Усеб Рысбек сайлансын.

2. Қамқоршылық кенесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кенес төрағасы:

Усеб Рысбек

Хатшы:

Д.Омиралиева



«Алтын сақа» бебекжай балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 2 хаттамасы

Откізілген күні: 26.08.2021 жыл

Катысқандар: Балабақша менгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Тамабаева Х, Шербакова М, Усеб Р, Бекенов Б, Байболатова Б, Алибаев Н, Қаратаев Е, Бөлекбаев Б, Шырынова Н.

Күн тәртібі:

- Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау (балаларды балабақшага қабылдау тәртібі)
- 2021-2022 оку жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Р.Қаламбаева балаларды балабақшага қабылдау тәртібі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқаруышы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» бойынша жүзеге асырылатынын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Усеб Р балаларды балабақшага білім берілімінен жолдама арқылы жіберу кезінде балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшелері Б.Байболатова, Х.Тамабаева катысып кезектегі балалардың жіберілуін бақылағанын айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшага балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Р.Қаламбаева балабақшаның 2021-2022 оку жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен, қойылған мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Жоғары мұратты мақсат:

Балалардың бойында жас ерекшелігіне және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес икем-дағдыларын, білімдерін, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сай Отансүйгіштік пен толеранттылыққа, жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелуе

Ағымдағы мақсаттар:

- Балабақшадағы балалардың тәжірибелік-зерттеу іс әрекеті арқылы ақыл-ой қызығушылығын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру. Құбылыстар мен үдерістерді тікелей бақылай отырып, әр баланың қоршаган ортадағы объектілердің ерекшеліктері мен қасиетін анықтай білу қабілетін ашу мен жетілдіруде оңтайлы жағдай жасау. Балалардың практикалық жұмысты жоспарлап және талдай білу дагдысын қалыптастыру.
- МДҰ тәрбиеленушілерінің театралды іс әрекетінде тұлғаның шығармашылық және эмоционалдық, танымдық дамуымен байланысты мақсаттарды жүзеге

асыру. Балабақшада режимді көзөндегі және оку қызметінде театрландыру элементтерін қолдану мен театралды іс өрекетті енгізу әдістері мен ерекшелігін толыққанды және жан-жақты зерттеуді үйымдастыру. Педагог-психологтың, логопед-мұғалімнің, тіл мамандарының бірлескен театралды үйірме жұмысын үйымдастыру арқылы түзете-дамыту жұмысын жүргізу.

- Мектепке дейінгі білім беру үйым жағдайындағы топтардағы өзара қарым-қатынас ерекшелігін зерттеу жұмысын жалғастыру- балалар ұжымының қалыптасу мәселесі, балабақша топтарының сипаттамалары мен ондагы өзара қарым-қатынас, жекелеген балалардың тұлғалық қалыптасуына мектепке дейінгі топтардың әсері.
 - Мектепке дейінгі жастагы балаларды дамыту мен тәрбиелеу, білім беру тәжірибесіндегі жетістіктер мен инновациялық педагогикалық идеяларды насиҳаттау және мотивациялау жолымен педагог қызметкерлердің кәсібілігін көтеру.
 - Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмысты жаңа түрде үйымдастыруды жалғастыру:
-
- Барлық жас тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге орындалатын жобалар декадасын өткізу
 - Тәрбиеленушілердің ата-аналарының психологиялық құзіреттілігін көтеру бойынша үйымдастыру- деп жоғары мұратты және ағымдағы мақсаттарды алып отырганын көрсетті. Былғы оку жылындағы жүргізілетін жұмыстардың басым бағытын ерекше атап өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жұмыс жоспарының жобасы бойынша пікірлерін білдірді.

Шербакова Мейрамкул: жоспар жобасымен келісемін, өзекті мәселелер қамтылғанын, балалардың жан-жақты дамуы үшін маңызды міндеттер қойылған,- деп өз пікірін білдірді.

Бөлекбаев Бауыржан: жоспар жобасымен келісемін, жоспар жобасында ата-аналармен жұмыстың жаңаша бағыттарын да қарастырган,-деп пікір білдірді.

Құн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балаларды балабақшага қабылдау тәртібі белгіленген стандартқа сәйкес жүргізілді деп есептелсін.
2. Балабақшаның 2021-2022 оку жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысып қолдайтындарын білдірді.

Қамқоршылық кеңес төрагасы:

Усеб Рысбек

Хатшы:

Д.Смиралеева



**«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚҚ қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы**

Откізілген күні: 25.01.2022 жыл

Қатысқандар: Қатысқандар: Балабақша менгерушісі, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Тамабаева Х, Шербакова М, Усеб Р, Бекенов Б, Байболатова Б, Алибаев Н, Қаратаяев Е, Бөлекбаев Б, Шырынова Н.

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Құранова Ақмаралмен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындастырын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Құранова Ақмарал балабақшада нұқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәрумендітерапия С дәрумені кальциймен, «Пиковит» шәрбәті, көктем-күз айларында берілсе, тәтті бал мен лимон қосындысы, "Изюминка" коктейлі қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айттып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Тамабаева Хатира: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз денгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көнілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, -деді.

Шырынова Несіпқұл: балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын. Әсіресе тәтті бал мен лимон қосындысы қыс мезгіліндегі вирусты аурулардың алдын алуға көмектеседі, -деді.


Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Усеб Р қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тараپынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Усеб Рысбек

Хатшы:  Д. Омиралиева



«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 4 хаттамасы

Откізілген күні: 22.02.2022 жыл

Қатысқандар: **Қатысқандар:** Балабақша менгерушісі, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Тамабаева Х, Шербакова М, Усеб Р, Бекенов Б, Байболатова Б, Алибаев Н, Қаратаяев Е, Бөлекбаев Б, Шырынова Н.

Күн тәртібі:

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу

Хабарлама. Омиралиева Д.-әдіскер

2. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру.

Практикум. Құранова А- медбике

Күн тәртіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Д. Омиралиева бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында 2002 жылы Қазақстанда қабылданған «Бала құқығы туралы» Заңының баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақшада аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денешынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлыш орта қалыптасқанын айтты. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен катар оқыту процесі жүзеге асырылатынын ескертті. Эр жарты жылдық сайын ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын технологиясы мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болатынын атап өтті. Баланың дем алуға және бос уақытын тиімді пайдалануға құқылы екені Заңының 19-бабында көрсетілгенін айта отырып, балалардың бос уақытында түрлі үйірме жұмыстары мен іс шаралар, жаз мезгілінде сауықтыру шаралары жүргізілетінін атап көрсетті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері педагог-психолог пен логопед-мұғалімнің кабинетіне барып жұмыстарымен танысты. Педагог-психологтың ұйымдастыруымен құм терапиясы, үстел үстіндегі ойындарды, логопед-мұғалімнің логомассаж, зонд массаж түрлерін көрсетуін тамашалады. Балабақша әдіскері жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары жайлы қосымша ақпарат берді.

Күн тәртіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Алибаев Нұрмахан.-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Балабақшада бала құқығының қорғалуы бойынша жағдайлар жасалған және жұмыстар да орындалып жатыр. Эр ата-ана баласын үйден де қадағалап жауапкершілігін күштейтсе деген ұсынысым бар.

Усеб Р.-Қамқоршылық кеңесінің төрагасы:

- Балабақшадагы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қашықтыз. Алдагы уақытта үлттық рухани құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сініру үшін ариайы сабактар, үйрмелер қарастырылса деп ойлаймын.

Шырынова Н.-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшадагы түзете-дамыту жұмысын көрдік. Жүйелі жүргізілетіні байқалып тұр. Мұндай мамандармен жекеленген жұмыстардың жүргізуі оте орынды.

Р.Қаламбаева.-менгеруші:


- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Үлттық рухани құндылықтарды балаларға үйрету бойынша вариативті компонент есебінен қосымша жұмыс жасауды қарастырамыз.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрагасы Р.Усеб қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Құн тәртібіндегі мәселелер талқыланынышешімдер қабылданды:

1. Балабақшадагы бала құқығын қорғау жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Балабақшадагы тәрбиленушілермен түзете-дамыту жұмыстары жолға қойылған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңес төрагасы:



Усеб Рысбек

Хатшы:

Д.Омиралиева

«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 5 хаттамасы

Откізілген күні: 26.05.2022 жыл

Қатысқандар: **Қатысқандар:** Балабақша менгерушісі, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Тамабаева Х, Шербакова М, Усеб Р, Бекенов Б, Байболатова Б, Алибаев Н, Қаратаев Е, Бөлекбаев Б, Шырынова Н.

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру

Құранова А.-медбике

2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуі жоспарлау

Омиралиева Д- әдіскер

3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі

Усеб Р- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Құранова А жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, шалпылдатқыш бассейнде сумен шынығу жұмыстары жүргізелетінін, таза ауадағы таңертенгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуна мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдіstemесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Д.Омиралиева «Арман» мәдениет үйімен бірлесе жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Усеб Рысбек 2021-2022 оку жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол өз есеп беруінде аудандық білім бөлімінің 2018 жылғы 8 маусымдағы №205 бүйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 5 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірілер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортага салды.

Шербакова М.-Қамқоршылық кенесінің мүшесі:

- Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында бассейндегі жұмыстар, күммен ойындар жүргізілетінін көріп журміз.

Тамабаева Х.-Қамқоршылық кенесінің мүшесі:


- Жазғы мезгілде таңертенгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Таңертенгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көнілге конымды.

Қамқоршылық кенесінің отырысын төрагасы Усеб Р қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезеңінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары, өткізілетін іс шаралар жоспары өз дengейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кенесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, канагаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кенесінің төрагасы:



Р.Усеб

Хатшы:

Д.Омиралиева

ЕРЕЖЕЛЕРИ

1. Жашы ережелер

1. Камкоршылых кеңес кызметінә және оны сайлау тарбияға үлгілік ережелері (бұлған арі - Ережелер) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Зине 44-бабының 9-тармағының сайхесінде айланған.

2. Білім беру үйімдердегі камкоршылых кеңес (бұлған арі - Камкоршылых кеңес) білім беру үйімдердегі ақпаратты басқару мүснімкіліктердегі болып табылады.

3. Камкоршылых кеңес ез кызметтіде Қазақстан Республикасының заңнамасын, оны Ережелерді, соңдай-ек білім беру үйімдердегі жарысын басшылықта атап.

4. Камкоршылых кеңес білім беру үйімдердегі жөнніліктердегі, ағылшындар комитетімен, жергілікті ақпаратты органымен, мұдделі ведомстволармен және басқа да үйімдермен есара күрьым-кәткенеста болады.

5. Камкоршылых кеңес мүшелерінің ез кызметтерінің орындауды етеудің негізде жүзеге асырылады.

2. Камкоршылых кеңестің күрамы, күрьымды және кызметі

6. Камкоршылых кеңес аталған білім беру үйімдердегі күрьитайшыны және білім алушылардың ағылшындарының бастамасы бойынша жашы живальстық күршүс мүмкін.

7. Камкоршылых кеңестің күрамы:

- 1) Камкоршылых кеңес күрьистегін білім беру үйімдердегі басшысы;
- 2) басқа да білім беру үйімдердегі, басқару органдарының екішері;
- 3) жұмыс берушілер мен азаметтік серіктестер;
- 4) көзміншілк үйімдердегі, корпоратив, қоғамдастырылғандардың екішері;
- 5) демеуішілер кіруі мүмкін.

8. Камкоршылых кеңестің күрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Кожең болған жаңдайда жашы живальстық шешімінде оның күрамына жақелеген езгерістер енгізуі мүмкін.

9. Камкоршылых кеңестің отырысында сайланып оның тарғасы Камкоршылых кеңестің басшысы болып табылады. Теріга Камкоршылых кеңестің аттығын арнайы екілеттікінде әрекет етеді, оны білім беру үйімдердегі, мемлекеттік органдар және басқа да тараштар атшында таңыстырады. Теріга Камкоршылых кеңестің жұмысын үйімдастырады және оның кызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және оны Ережелерге сайхесін камтамасыз етеді.

10. Камкоршылых кеңес тарғасының орынбасары Камкоршылых кеңес сайлайды.

11. Хатшыны Камкоршылых кеңес сайлайды және ол Камкоршылых кеңестің іс-қызметтердегі жүргізуге жауап береді.

12. Камкоршылых кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сайхес, жынына кемінде бір рет еткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар жақеттілікке көрін Камкоршылых кеңес тарғасының шешімінде земесе Камкоршылых кеңестің тарғасы бір мүшелерінің татаптары бойынша еткізіледі.

13. Камкоршылых кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырыска қатысада, шешім кабылдауда құбылып. Камкоршылых кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысын отырган мүшелерінің басым кемінде 1/3-сі даусымен кабылдауда.

14. Камкоршылых кеңес кызметінің мәселеіттері:

- 1) білім беру үйімдердегі оның жарылық кызметтерінің жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім берегінде оку бындарламалардың ойданындағы іске асыру мәселеінде білім беру үйімдердегі оқушыларды мен педагогикалық ұжымы үшін жаңдайлар жасау;
- 3) білім беру үйімдердегі көркемдік болдауды, материалдық-техникалық базасын күштейтуіді камтамасыз ету;
- 4) білім беру үйімдердегі арі кәрай даңызына ықпал ету болып табылады.

15. Камкоршылых кеңес кызметінің негізгі белгіттері:

- 1) білім беру үйімдердегі азаметтік-мәдени, сауықтыру және даңыту іс-шараларын еткізуге көмек бересту;

- 2) тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
- 3) халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;
- 4) білім беру үйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады.

3. Қамқоршылық кеңестің қызметін тоқтату

16. Қамқоршылық кеңестің қызметін тоқтату:
 - 1) құрылтайшының бастамасы бойынша;
 - 2) Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;
 - 3) білім беру үйымын таратуға және қайта үйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.